Автор: Бозбаева Гульмира Сериковна
Пән: Қазақ тілі (Т1)
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Адами құндылықтар
Тақырып: 27-сабақ. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
Сабақтың мақсаты:	құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
Тілдік мақсаттар:	- сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратып айтады;
Күтілетін нәтиже:	- Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қоя біледі. Құрмалас сөйлем екенін дәлелдей алады.
Бағалау критерийлері:	- Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемге айналдырып, оларды өзара салыстыра алады.
Құндылықтарды дарыту:	Өз іс-әрекетін жоспарлауға, уақытты тиімді пайдалану
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (3 мин)	**Грамматикалық ширату:** Жай сөйлем болса 1 рет, құрмалас сөйлем болса 2 рет қол соғу. Өткенді бекіту **«Сұрақ ілмегі»** әдісі бойынша алдыңғы білімді пысықтау. (сабақтың мақсатын хабарлау) Құрмалас сөйлемге видео **(ай-мектеп)**	интерактивті тақта
Сабақтың ортасы (24 мин)	**Жұппен жұмыс** Жұлдызшалар беріледі. 62-жаттығу. Мақал-мәтелдерді толықтырып, олардың құрмалас сөйлем екенін дәлелде. **Жеке жұмыс** 59-жаттығу. Сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз. **Топпен жұмыс** **І топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Жай сөйлемнің баяндауышын тап. **ІІ топ** Құрмалас сөйлемді жай сөйлемге айналдырып жаз. Оларды өзара салыстырып, айтып бер. **ІІІ топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Жай сөйлемнің баяндауышын тап. **IV топ** Суретпен жұмыс. Бір құрмалас сөйлем құрап жаз. Сөйлемнің баяндауышын тап. **V топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына қандай тыныс белгісін қойдың? Бұл қай ертегіден алынған үзінді екенін айт. **VI топ** Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Ертегіні одан әрі жалғастырып айт.	Жұлдызша,дәптер, оқулық

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	Жеке жұмыс 60-жаттығу. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып жаз. **«Аяқталмаған тезис»** 1. Бір ғана тиянақты ойды білдіретін.................. деп аталады. 2. Екі немесе одан да көп........ деп аталады? 3. Жапалақтап қар жауды. Бұл....... сөйлем. 4. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Бұл..........сөйлем.	
Рефлексия (3 мин)	Егер оқушыға бәрі түсінікті болса, **леп белгісін көрсетеді(!)**- сабақты өте жақсы түсіндім. Егер жартылай түсінікті болса, **нүктені көрсетеді (.)** – сабақты түсіндім, әлі де толықтырулар керек. Сабақ түсініксіз болса, **сұрақ белгісін көрсетеді (?)** – маған көмек қажет деп түрлі стикерлермен өздеріңнің түсінгендерің жайлы ойларыңды білдіріп бағалайды. 9e7084c0b45e0page863908.png Image not found or type unknown Image not found or type unknown	Стикер (леп белгісі, сұрақ блгісі, нүкте)